



БҰЙРЫҚ

ПРИКАЗ

03.03.2025 жыл № 61 НҚ

Жаңаөзен қаласы

город Жанаозен

2025 жылдың 20 ақпан айында Жаңаөзен қаласы бойынша білім бөлімінің басшысы жанындағы өткен аппараттық жиналыстың хаттамасын орындау негізінде Қазақстан Республикасы «Білім туралы» Заңының 8-бабы 2-тармағына және Қазақстан Республикасы «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» Заңына сәйкес «№20 «Ақбұлақ» бөбекжайы» білім беру ұйымында ақша жинауға жол бермеу мақсатында төмендегілерді орындау үшін, **БҰЙЫРАМЫН:**

1. Қатаң түрде тыйым салынсын:

- Бөбекжай тәрбиеленушілерінің ата-аналарынан ақша қаражаттарын жинаудың барлық түрлеріне, соның ішінде мерекелік іс-шараларға, сыйлықтар алуға, жөндеу жұмыстарын жүргізуге мәжбүрлеп ақша жинауға жол берілмеуін;
- Тәрбиеленушілердің ата-аналарынан ақша қаражаттарын жинауға, топ тәрбиешілері ата-ана комитетін тартуға қатаң тыйым салынсын.
- Қаржыландыру көзі ата-аналардың ақшасы болғандықтан әртүрлі экскурсияға, кинотеатрларға баруды білім беру ұйымынан тыс және оларды қатыстырмай өз беттерімен ұйымдастыру қажеттігін ата-аналарға түсіндіру топ тәрбиешілерге тапсырылсын.
- Ақша жиналғаны туралы мекемеге түскен өтініштердің уақытылы зерделенуін қадағалау кәсіподақ ұйымының төрайымы Н.Ж. Избаева мен К.К. Лепесбаеваға жүктелсін.

2. Берілген бұйрықтың орындалуын тез арада жүзеге асыру қадағалансын.

3. Берілген бұйрықты бөбекжайдың әр қызметтеріне қол қойғызып таныстыру. Кәсіподақ ұйымының төрайымы Н.Ж. Избаеваға міндеттелсін.

4. Берілген бұйрық орындалмаған жағдайда кінәліні жауапқа тарту қарастырылсын.

5. МДҰ-ның веб-сайтына осы бұйрықты орналастыру әдіскер К.К. Лепесбаеваға тапсырылсын.

6. Берілген бұйрықтың орындалуын әдіскер К.К. Лепесбаева мен кәсіподақ төрайымы Н.Ж. Избаеваға міндеттелсін.

Директор



Б.К. Нурбергенова